



20.05.2025 № 01-05-07/296

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Пресс-релиз

Аэроғарыш комитеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасының іс- шараларының жауапты орындаушысы ретінде Ғарыштық техника және технологиялар институтын анықтады.

Мемлекеттік органдар мен халықаралық серіктестердің сенімі, сараптамалық деңгейдің мойындалуы, ғарыштық және навигациялық технологияларды дамытуға қосқан үлес:

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (*қысқартылған атауы – «Қазғарыш»*) 2024 жылғы 26 тамыздағы № 513/НҚ және 2025 жылғы 28 ақпандағы № 86/НҚ бұйрықтарымен «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушы мемлекеттерінің 2023–2026 жылдарға арналған Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасы шеңберінде Қазғарыштың іс-шараларының жауапты орындаушысы ретінде анықтады.

Бағдарлама 2022 жылғы 28 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен бекітілген және достастық шеңберінде үйлестірілген және тиімді радионавигациялық кеңістікті дамытуға бағытталған.

Бағдарламаны орындау аясында, Ғарыштық техника және технологиялар институты бірқатар стратегиялық маңызы бар бағыттарды жүзеге асырады:

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының **навигациялық нарығын талдау** — навигациялық өнімдер мен қызметтердің қазіргі жағдайы және даму перспективаларын зерттеу;

Координаттық-уақыттық және навигациялық камтамасыз ету — радионавигациялық технологияларға негізделген жүйелерді және олардың даму бағыттарын бағалау;

Радионавигацияны дамыту жоспарын жүзеге асыруды бақылау — Негізгі бағыттардың іске асырылу барысын талдау, тәсілдерді және басымдықтарды жаңарту;

Нормативтік базаны жетілдіру — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекеттеріндегі радионавигация саласындағы реттеушілік құжаттарды жаңарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Мониторинг және хабарлау жүйесін құру — аса маңызды және стратегиялық объектілер орналасқан аудандарында жаһандық навигациялық жерсеріктік жүйенің радионавигациялық өрісінің сапасын бақылау технологиясын әзірлеу және кедергілердің әсерлері туралы хабарлау.

Ғарыштық техника және технологиялар институты үшін - бұл мемлекеттік органдар мен халықаралық серіктестер тарапынан сараптамалық деңгейдің мойындалуы мен сенімділігі. Ғарыштық техника және технологиялар институты жоғары ғылыми-техникалық стандарттарға адалдығын, құштарлығын растайды және өңірдің мүддесі үшін ғарыштық және навигациялық технологияларды дамытуға үлес қосуды жалғастырады.

Ақпарат ретінде. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) қатысушы мемлекеттердің 2023-2026 жылдарға арналған Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасын «Радионавигация» Мемлекетаралық кеңесі әзірледі, ол ТМД Үкімет басшылары кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы шешімімен Мемлекетаралық консультативтік кеңес ретінде құрылған. ТМД қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің тапсырмасы бойынша ТМД Экономикалық кеңесінің 2001 жылғы 16 наурыздағы шешімімен «Радионавигация» Мемлекетаралық кеңесі болып қайта құрылды. Бұл Кеңес ТМД қатысушы мемлекеттерде ғарыштық және жердегі радионавигациялық жүйелерді дамыту мен пайдалану, көлікті басқару жүйелерін құру мәселелері бойынша ынтымақтастықтың басым бағыттарын іске асыруда бірыңғай саясатты анықтайды және жүргізеді.

Директор

Ө. Тойшыбеков